

А. Азатбақыт^{1*}, А. Тамаев², А. Картаева¹

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Өскемен қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aigani.86@mail.ru

М. ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІН ЖОО-ДА ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мақалада қазіргі жоғары оқу орындарында білім беру ісінде кеңінен қолданылып келе жатқан оқыту технологияларының дәстүрлі әдістемелері заманға сай жаңаша көзқараста жан-жақты талданып, қарастырылған. Қазіргі педагогика ғылымының әдістеме саласының тарихы туралы тың тұжырымдар жасалып, Алаш қайраткерлерінің әдістемелік мұралары сараланған. Автор ғұлама жазушы М. Әуезовтің шығармаларын жоғары оқу орындарында оқытудың дидактикалық ерекшеліктеріне тоқталады. Ұлы жазушының шығармаларын жоғары оқу орындарында жаңа технологияларды қолдана отырып, оқытуды оның көркем әңгімелерінен бастаудың ерекшелігі мен маңыздылығы туралы да тың тұжырымдар беріледі.

Автор мақалада М. Әуезовтің әдебиеттану және әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымына қосқан педагогикалық еңбегі туралы сөз етеді. Жоғары оқу орындарында жазушының туындыларын оқытудағы тиімді деген талдау жолдарын қарастырады. Әдеби талдау барысында тиімді ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін ғылыми тұрғыдан зерделеп көрсетеді. Әуезов туындыларын талдауда көркем шығарманың образдық жүйесіне, кейіпкерлер характерін ашудағы талдау түрлеріне жүгінуді ұсынады. М. Әуезовтің мұрасы мен ғылыми еңбектерін оқытудың жаңашыл әдістерінің негізінде инновациялық оқыту технологиясын қолдану – заманның талабы. Қазіргі ақпараттанған қоғамдағы көркем әдебиеттің, ұлттық құндылықтарымыздың маңызына тоқталады. Студенттердің оқырмандық қабілеттерін оята отырып, көркем туындыға бүгінгі қоғамға сай ой-пікірлерін айтқызу мақсатында талдау жұмыстары ұсынылады. Жазушының «Қараш-қараш оқиғасы» әңгімесін оқыту барысында студенттерді танымдық бағыттағы жұмыстарға, проблемалық мәселелерді шешуге жетелеу үшін тиімді деген тапсырмаларды саралап көрсетеді. Автор проблемалық оқыту барысындағы жағдаяттың берілу жолын, тиімді әдіс-тәсілін ұсынады. М. Әуезовтің көркем баяндауымен жасалған көзқарастары, талдаулары мен тұжырымдары қазіргі кездегі әдістеме саласындағы «Мұхтартанудың» жаңа әдіснамасында айқын көрініс тапқандығын зерделейді. Сонымен қатар, жазушы мұрасы ғасырдан-ғасырға жалғаса беретіндігін, ал оны жас ұрпаққа жеткізу – әр оқытушының міндеті деген қорытынды жасайды.

Түйін сөздер: жазушы, инновациялық технология, оқыту, әдістеме, әңгіме, әдеби талдау, көркем мәтін, әдіс-тәсілдер.

A. Azatbakyt^{1*}, A. Tamayev², A. Kartayeva¹

¹Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aigani.86@mail.ru

Innovative technology of teaching M. Auezov's stories in higher education

The article provides a comprehensive analysis of traditional teaching methods, which are widely used in modern higher education, in a modern way. New conclusions were made about the history of the methodological field of modern pedagogical science, and the methodological heritage of Alash figures was analyzed. The author focuses on the complexity and problems of teaching the works of the great writer M. Auezov in higher education. New conclusions were drawn about the specificity and importance of starting the teaching of the works of the great writer in higher education with the use of new technologies from his fiction. The author speaks about the pedagogical contribution of M. Auezov to the science of literary criticism and methods of teaching literature. Considers ways to analyze the effectiveness of teaching the works of the writer in higher education. Provides a scientific study of the types of work that are effectively organized in the process of literary analysis. In the analysis of Auezov's works it is recommended to refer to the image system of the work of art, the types of analysis in revealing the characters. The search for M. Auezov's legacy and scientific works in innovative methods of teaching, the use of innovative teaching technologies is a modern requirement. Emphasizes the importance of fiction, our national values in the modern information society. Analytical work is offered in order to awaken

students' ability to read and express their views on the work of art in modern society. During the study of the author's story "Karash-Karash okigasy" are analyzed the tasks that effectively lead students to cognitive work, the solution of the problem. The authors offers an effective way of presenting the situation in the process of problem-based learning. The views, analyzes and conclusions of M. Auezov's artistic narrative are clearly reflected in the new methodology of autonomy in the field of modern methodology. He also concludes that the writer's legacy will last for centuries, and it is the duty of every teacher to pass it on to the younger generation.

Key words: writer, innovative technology, teaching, methodology, story, literary analysis, literary text, methods.

А. Азатбакыт^{1*}, А. Тамаев², А. Картаева¹

¹Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Казахстан, г. Усть-Каменогорск

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aigani.86@mail.ru

Инновационная технология преподавания рассказов М. Ауэзова в высшей школе

В статье дается всесторонний анализ традиционных методов обучения, широко используемых в современном высшем образовании, на современном уровне. Сделаны новые выводы об истории методологического поля современной педагогической науки, проанализировано методологическое наследие деятелей Алаша. Авторы акцентируют внимание на сложности и проблемах преподавания произведений великого писателя М. Ауэзова в вузе. Сделаны новые выводы о специфике и важности начала преподавания произведений великого писателя в высшей школе с использованием новых технологий из его художественной литературы. Авторы говорят о педагогическом вкладе М. Ауэзова в литературоведение и методику преподавания литературы. Рассмотрены способы анализа эффективности преподавания произведений писателя в вузе. Проводится научное изучение видов работ, которые эффективно организуются в процессе литературного анализа. При анализе произведений Ауэзова рекомендуется обращаться к образной системе произведения искусства, типам анализа при выявлении персонажей. Поиск наследия и научных работ М. Ауэзова в инновационных методах обучения, использование инновационных технологий обучения – требование современности. Подчеркивается важность художественной литературы, наших национальных ценностей в современном информационном обществе. Аналитическая работа предлагается для того, чтобы пробудить способности студентов к чтению и выразить свои взгляды на произведение искусства в современном обществе. В ходе изучения авторского рассказа «Событие на Караш-Караш» анализируются задачи, которые эффективно приводят учащихся к познавательной работе, решению проблем. Авторами предлагается эффективный способ представления ситуации в процессе проблемного обучения. Взгляды, анализ и выводы художественного повествования М. Ауэзова ярко отражены в новой методологии автономии в области современной методологии. В заключении говорится, что наследие писателя сохранится на века и долг каждого учителя – передать его подрастающему поколению.

Ключевые слова: писатель, инновационные технологии, обучение, методика, рассказ, литературный анализ, художественный текст, методы.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің қай саласында болмасын, оқытудың инновациялық технологиясын енгізу талап етілуде. Бұл – заманның сұранысы, себебі қазіргі таңда еліміздің білім беру саласы әлемдік стандарттарға сай оқытуды көздеп отыр, осы мақсатта бірталай жаңарулар, өзгерістерге ұшырады. Білім мазмұны өзгеріп, жаңартылған білім бағдарламасы енгізіліп, білім беру қызметінің мазмұны мен құрылымы толығымен жаңарды. Сол себепті, дидактиканың алдына қойған мақсаттарының бірі білімгердің бойындағы еркін ойлау жүйесін дамытумен байланысты. Бұл принцип бойынша

әдіскер ұстаздарымыз өзіндік шеберліктерін оқушының бойындағы талант машығын ашуға жұмсауы қажеттілігі туындап отыр. Технологиялық дамудың нәтижесінде білім беру философиясының мәні де даму үстінде. Қазіргі білім беру философиясының мәні: студенттің арнаулы салада ғана білімінің, таным дәрежесінің тек арнаулы бөлімде ғана салтанат құруын ғана емес, әртүрлі ақпаратқа құшағы ашық, жатсынбайтын, интеграциялық бағытта даму парадигмасын ұсынатын сипатты білдіреді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп айтылғандай, еліміздің дамуы үшін

осы сыннан мүдірмей өтуіміз қажет (Назарбаев, 2007) [1].

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде де жаңашылдыққа бетбұрылып, оқытудың озық технологиялары енгізіліп, сапалы оқытуға үлкен көңіл бөлінуде. Еліміздің жоғары оқу орындарындағы педагогикалық ұжымдар да заманауи талаптарға сай білім беруді мақсат етуде. Әлемдік білім берудің стандарттарына сай білім берудің мазмұны, құрылымы әр түрлі варианттарда, ғылым мен практикаға негізделген жаңа идеялар, әр түрлі оқыту әдістеріне толы жаңа технологияларды кеңінен қолдануды жүзеге асырылуда.

Осыған байланысты оқытудың жаңа технологияларын, атап айтсақ, сын тұрғысынан ойлау, ақпараттық технологиялар, интербелсенді оқыту, жобалап оқыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, ұжымдық оқыту, топтық оқыту, проблемалық оқытудың элементтері, кешенді талдау және басқа оқыту технологиялары кеңінен қолданылуда. Аталған технологиялардың тәжірибеде қолданылып, тиімділігі де жан-жақты қарастырылып келеді. Оқу саласындағы инновациялық технологиялардың өзіндік тиімділігі бар. Бұл оқыту технологияларының негізгі мақсаты – оқу үрдісін жаңалау, инновациялау, оқытудың жаңа әдістер мен тәсілдердің әдістемесі мен дидактикалық талаптарын енгізу және бағалау, инновациялық технологияны енгізу, қолдану болып табылады. Қысқаша айтқанда, оқу процесінде шығармашылық ойлауды қамтамасыз ету.

Бүгінгі күндегі «жаңартылған білім беру мазмұнындағы» негізгі ерекшеліктердің бірі: оқушыларды креативті ойлауға, өзіндік пікірін дәлелдеуге, танымды арттыруға өзіндік анализ, сыни ойлау дағдыларын дамытуға арналған білім берудегі мазмұн екені анық. Әдебиет пәнінің – өнер пәні екендігін ескерер болсақ, бұл пәнге арнайы формула, заңдылықтардың, яғни, практикалық сипаттың жоқтығын айта аламыз. Демек, әдебиет пәнін оқытудағы негізгі, өзекті мәселе – өзіндік ойлау, субъект көзқараста жатыр. Бұны оқытушының білімі мен білік тәжірибесінің молдығы арқылы танытуымызға болады. Қазақ әдебиеті бағдарламасының, білім беру жүйесіндегі мазмұнының мақсаты ретінде: студенттерді әдебиетті креативті қолдануға бағыттау екендігін ескеру екендігі және осы мақсатта бағыттау екендігі мәлім. Оларға ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуінде анализдік, сыни дағдыларды және басқа да ар-

наулы салалар арқылы байланыстырып жатса, білім берудегі негізгі сипатының орындалғаны деп түсінуіміз қажет. Өйткені, білімгер танымдындағы белсенділік әрекетін қалыптастырудың жолы күрделі. Десек те, «Білім берудің бүгінгі бағдары – шығармашылық қабілеті бар адамдардың жаңа генерациясын, дамыған дүниетанымдық мәдениеті бар, дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын ұшқыр ойлы, қиындықтарға төтеп бере алатын ұрпақты қалыптастыру. Аталған қасиеттер студенттердің танымдық мотивациялары мен белсенділіктеріне ықпал ететін оқытудың интерактивті әдістерін тиімді әрі шеберлікпен қолдану арқылы қалыптасады» (Абдуллина, 2009) [2].

Осы қажеттіліктен де қазіргі ХХІ ғасыр жетістіктерінің ең негізгі және маңызды факторы «білім» болып табылады. Сондықтан, қазіргі білім жүйесінің озық дамуын педагогика ғылымының әдістемесі жан-жақты қарастырып, зерделеуде әрі заманауи білім стандартына сай дамытудың динамикасын көрсетіп, жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі маңызын арттыруда.

Алайда, қоғамдық өмір мен білім беру саласындағы жаңғырулар кез келген білім саласындағы оқытушыларға жаңаша көзқарасты, «жаңалыққа көңіл көкжиектерін» ашуды талап етіп, жаңа бағытта оқыту үшін өзгеруге итермелейді. Сондықтан кейбір педагогтар мен ғалымдар оқыту технологияларының үйлесімі болып табылатын оқыту технологиялары мен оларды қазіргі қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары саласында жан-жақты қолданудың өзіндік ғылыми-зерттеу формасы және нақты мақсаттармен ғылым саласы екендігіне сыни көзқараспен қарайды. Негізінен әлемдік білім кеңістігінде білім беру саласындағы түрлі реформалар оқыту әдістері мен технологиялары тұрғысынан өзіндік жаңашылдықтарын әкеледі. Ал бұл талапқа сай жоғары оқу орындары мен білім салаларының қызметкерлері ізденіс жасап, оқытудың инновациялық технологиясын тәжірибеге енгізіп, қолданыс жасауда еңбек етуде.

Әдебиетке шолу

Қазіргі оқыту жүйесінде ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту ұстанылуда. Сондықтан да жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа технологиялары негізінде оқыту әдістемесін негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізуде жаңаша оқыту қарастырылуда. Ұр-

пақты оқытып, тәрбиелеу үшін ұлтымыздың ғұлама, ойшылдарына, ұлттық тағылымға жүгінеріміз анық.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы ұлт қайраткерлері: Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Әуезов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Қараш, Қ.Жұбанов, т.б. педагогика, әдістеме саласына қатысты ғылыми тұжырымдар, ой-пікірлер қалыптастырып, оларды теориялық және практикалық тұрғыдан игерудің тәсілдерін көрсеткен әдістемелік нұсқаулықтарды жариялады. Атап айтсақ, Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы», А.Байтұрсынұлы «Оқу құралы», Ж.Аймауытов «Педагогика», Ш.Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Үш анық» атты еңбектері, М.Әуезов «XIX аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ шаруа жастары мектебіне арналған бағдарлама мен хаттар жазылған қазақ әдебиетін оқу кітабы», М.Дулатұлы «Оян, қазақ», М.Жұмабаев «Педагогика», Қ.Жұбанов «Ана тілі бастауыш мектепте», Б.Майлин «Жартылай білімді оқушыларға арналған радикалды кітап», Ғ.Мүсірепов «Сауатсыз оқушыларға арналған әліппе», Ғ.Қараш «Педагогика», Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасы» сияқты еңбектерінде ғылыми қалыптасудағы әдістеменің маңызы жазылған. Бұл еңбектердің қай уақытта да болмасын еліміздің оқыту саласындағы маңызы зор және қазіргі оқыту жүйесінде ұлттық педагогикалық еңбектерді білу өте маңызды. Өз дәуірінде жазылған ұлттық педагогика тағылымының қазіргі күнде де құндылығы басым екендігін бүгінгі ғылымда да айтылып, мойындалып отырғаны белгілі.

Әдіскер-ғалымдар Ф.Ш.Оразбаева және Р.С.Рахметова А.Байтұрсынұлының «Танымдық-әдістемелік мұралары» атты еңбекте белгілі қайраткерлер мұраларын ғылыми тұрғыдан талдап көрсетті. Ж.Аймауытов мұралары «Субъективті қатынастар арқылы стимулятивті оқыту технологиясы, Қ.Жұбановтың «Дамыға оқыту технологиясы» еңбектері. Осы ұлы ғалымдардың пікірінше, сол кездегі ғалымдар оларды «технология» деп атаған жоқ. Бірақ олар бүгінгі технологияның негізгі белгілерін, ішкі мазмұны мен талаптарын талдай отырып, негізгі идеяны өзгертті (Оразбаева, 2009) [3].

Зерттеу материалы мен әдістері

Ғалымдардың аталған тұжырымына сүйенсек, Алаш қайраткерлерінің әдістемелік еңбек-

терінің құндылығын атауымызға болады. Өз заманында технология деген атаумен аталмаса да, қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңа деп атайтын педагогикалық технологиялар жоғарыда аталған фактілермен расталады. Яғни, әр заманда ұрпаққа оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын ұсынатын оқыту технологиялары болғанын байқаймыз. Ал ұлт ойшылдарының, Алаш қайраткерлерінің өз заманында жазып кеткен еңбектері, тамаша педагогикалық ойлары ұрпағының сусындап өсер тағылымына айнала беретініне кәміл сенеміз. Кемеңгер педагог А.Байтұрсынұлының: «Білікті оқудың кілтін іздеу, тиімді әдістерді табу және оларды қолдану» деген тұжырымдамасынан бастау алуымыз керек (Оразбаева, 2009) [3]. Сондықтан да оқыту жүйесіндегі ізденіс, тиімді әдіс-тәсілдер, жаңаша оқыту сынды талап, мақсаттар мұғалімдерден де үнемі ізденіс, шығармашылықты талап етеді.

Қазіргі педагогика ғылымы заманауи талаптарға сай ғылыми ізденістерге, жаңашылдыққа бетбұрды, инновациялық технологияларды қолданбай өмір сүрмейді. Бүгінгі оқытудың инновациялық парадигмалары заманауи оқыту үдерісіне сай жоспарланып, жүзеге асырылуда.

Заман талабына сай жоғары оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиясын қолдануда әр оқытушы өзіндік ізденіс жасап, тиімді деген тәсілді тәжірибеде қолданып келеді. Мәселен, қазақ әдебиетінің классигі ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылығын жас ұрпаққа оқытуда озық технологияның маңызы зор. Бүгінгі білім беру технологияларын қолдана отырып, ұлы тұлғаның шығармаларын зерттеу бүгінгі ұрпақ үшін тиімді. Жазушының әлемдік деңгейде кеңінен танымал болған әдеби туындылары мен ғылым саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектерін жете түсіндіру үшін оның әдеби шығармаларын заманауи білім беру жүйесінің технологиялары бойынша талдауға үйрету тиімді. Жазушының «Абай жолы» сынды көлемді туындысын жас ұрпаққа қалай оқытып, жеткізуге, талдауға болады деген ізденістерде тың әдіс-тәсілдің керектігі мәлім.

Ұлы жазушының қаламгерлік шеберлігі, қарымды қабілетімен роман-эпикалық дәрежесіне көтерілген жазушының адамзат мәдениетінің алтын қорына енген туындыларын оқыту – күрделі мәселе. М.Әуезовтің мұрасын оқыту туралы ғалымдар тарапынан да зерделеніп, айтылып келеді. Атап айтсақ, Т.Ақшолақов, А.Тасболатов, Б.Сманов, Ә.Дайырова, С.Тілешова, Қ.Бітібаева, С.Мақпырұлы т.б. іргелі зерттеулер жүргізіліп,

әдістемелік ой-пікірлер айқын сипат ала бастады.

«Бұрынғы жас ұрпақ жасап кеткен мұралар – тарихи дүниелер. Оларға келсін-келмесін бүгінгі күннің кимешегін кидірудің керегі жоқ. Сол мұралар ішінен бүгінгі талап, бүгінгі оқыту мақсатына сай нені қабылдау, нені саралау, нені оқыту, қалай оқыту – басқа мәселе. М.Әуезовтей ұлы тұлға шығармашылығын оқыту, оның тиімді әдістерін іздестіру – барлық оқу орындарының міндеті», – дейді әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева (Бітібаева, 2022) [4]. Әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева «М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту», «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» т.б. еңбектерінде М.Әуезовтің шығармаларын жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың озық технологиясын ұсынады. Еліміздің әр оқу орындарында, сонымен қатар жоғары оқу орындары да Қ.Бітібаеваның аталған еңбектеріне баса назар аударылады.

Нәтижелер мен талдау

Көркем шығарманы талдау – білімгердің бойындағы көркемдік танымның суреткердің туындысындағы көркемдік әлеммен ұштасуымен тығыз байланысты. Өйткені, кез келген көркемдікті талдау – тұтастық болса, сол «тұтастықтың» заңдылығының сақталуы оқытушыдан білім мен білік тәжірибесін талап етеді. Осы мәселе жөнінде әдіскер-ғалым Н.Докенованың тұжырымдары көркем шығарманы талдау әдістемесіндегі «тұтастықты» сақтауға септігін тигізеді. Ғалымның осы бағыттағы оқыту үрдісінің басты нысаналары:

1. Эмоциялық және логикалық бірлік. Ақын-жазушы өзінің көркем шығармасында не нәрсеге екпін қойып, назар аудартып отыр. Логикасыз туынды болмайды, бірақ оның өзі эмоция арқылы беріледі. Олай болса, бұл екеуін екі бөліп қарау жөн емес.

2. Оқырманның шығармаға өз көзқарасы мен көпшілік қабылдаған көзқарастарының бірлігі. Біреуінің пікіріне екіншісінің пікірі сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ оның қай-қайсы да көпшілік қабылдаған қорытындыға тұрақтайды.

3. Шығарманың бөлік-бөлігінің арасын өзара тұтас жүйелі түрде байланыстыра қарап, ақын-жазушының айтайын деген ойын анықтау.

4. Шығармадағы мазмұн мен форма бірлігі.

5. Талдау кезінде шығармадағы негізгі проблемаға мән беру. Автор туындыда ойын қалай білдіреді, қандай көркемдік тәсіл-құ-

ралдар пайдаланған, осы тақырыптас еңбектен айырмашылығы қандай, міне, мұның барлығы – көркем шығарманы талдаудың басты шарттарының бірі.

6. Шығарма мен автордың бірлігі» (Докенова, 2010) [5].

Әдебиетті оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі – көркем шығарманы талдау болып табылады. Сондықтан шығарманың көркемдік деңгейіне талдау жасау әдісі қазіргі білім беру парадигмалары негізінде пәндерді оқытуда ерекше маңызға ие. А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, А.Үсенов, М.Қараев, Ш. Кәрібаев, А.Көшімбаев, А.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатов, А.Дайырова, С.Тілешова, С.Қалиев, Т.Жұмажанова, Б.Әрінова, Г.Құрманбаева, Б.Сманов сияқты ғалым-әдіскерлердің еңбектерінде (оқулықтар, ЖҚТБ-ны оқыту, оқу-әдістемелік кешендер, монографиялар) талдау туралы түсініктемелер берілді (Сманов, 2016) [6].

Ғалым Б. Сманов «Әдетте, оқушы шығармадағы көркем ойды шындық түрінде ғана қабылдап, ондағы образдылық, типтілік, мазмұн мен форманың бірлігі секілді әдебиеттің теориялық астарларына назар аударма бермеуі мүмкін. Сол үшін мұғалім көркем текспен оқушылардың жұмысын тереңдете отырып, оқушыларды әдеби-теориялық сауаттылыққа дағдыландыруы керек. Бұл көркем туындыны дәйекті түрде талдауға, білімді сапалы меңгеруге үйретеді» (Сманов, 1999) [7]. Яғни, М.Әуезовтің шығармаларын талдауда образдар жүйесін, кейіпкерлер характерін талдау туындының идеялық-тақырыптық мазмұнына, композициялық құрылымы мен сюжеттік желілеріне мұқият зер салуды қажет ететіндігін атап көрсетеді. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында М.Әуезовтің көркем әңгімелерін зерделеу, талдау кезінде әдебиеттану ғылымында қалыптасқан прозалық шығармаларды талдаудың негізгі принциптеріне сүйене отырып, әдеби талдау әдісін кеңірек қолдану керектігін жөн санаймыз.

Себебі әдеби талдау – шығарманы ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызды әдісі және бұл шығарманы ғылыми тұрғыдан зерттеу бойынша кеңейтілген жұмыстардың бірі. Осы әрекетті орындау барысында көркем шығарманы талдағанда, ең алдымен, шығарма жазылған кезеңнің нақты тарихи жағдайына назар аудару керек. Көркем шығарманы талдаудың психологиялық ерекшеліктеріне назар аударатын болсақ, көркемдік-эстетикалық сипат-

тың білімгердің бойында жетілуі осы талдаудың әсерлілігіне байланысты болмақ. Психологиялық үрдіс ретінде ғалымдар Г.Гронник, С.М.Бондаренко, И.Л.Концевая былайша пікір білдіреді: «Түсінуге апаратын үрдісте екі күш өзара әрекет жасайды: мәтіннің өзі және оны оқығанда қабылдау үстіндегі адам психикасында болып жатқан жағдай. Оқырман мәтінді оның бойындағы белгілер (сигналдар) арқылы қабылдайды. Мұндай белгілерге сөз, сөз тіркестері, сонымен бірге, бұлардың арасындағы өзара байланыс, тағы басқалар жатады. Барлық осы белгілер оқу үдерісінде оқырманға тікелей әсер етеді. Сондықтан мәтінді түсіну, біріншіден, оқырманның өзіне бағытталған осы белгілерді түсіне білу қабілетіне, екіншіден, оларға көңіл аудару білу қабілетіне байланысты болып келеді» (Гронник, 1991) [8]. Дәл осы себептен де көркемдік талдау, көркем ойлау – әңгіменің архитектурасына ғана арқау болмақ емес, көркемдіктің сұлу категориясы – субъект пікірлердің қалыптасуы, ізгілікке шоғырланған ойлардың балғын кезеңі, көркем шығарманың тәрбиелік сипатының өрістеуімен үйлесімділік танытады. Жазушы М.Әуезовтің 1930 жылы Қызылордада жарық көрген «Жеткіншек» атты ересек жастар мектебіне арналған оқу құралында: «Әрбір мұғалім бала психологиясына терең бойлау керек. Өйткені балалардың психологиясы, олардың ойлау, түсіну қабілеті әңгімеленіп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығы, дәлдігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді. Сол себепті баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірдей әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы қажет» дейді (Байменов, 2000) [9].

Әдіскер ғалым Т.Ақшолақов: «Шығармаға талдау жасағанда, ондағы көркем элементтерді бүтіннің бөлім-бөлшегі ретінде қарастыру керек. Бүтін мен бөлшектің арасындағы диалектикалық бірлікті үнемі сақтаған орынды. Табиғаттану саласындағы ғалымдардың әлем кеңістігінің, материяның микроқұрылымына енгеніндей, біз де өзіміздің талдауларымызда көркем шығарманың микроқұрылымына батыл енуіміз керек. Бұл – көркем шығарманың бітіміндегі жаңа сапаларды ашуға қажетті кілт», – дейді (Ақшолақов, 1994а) [10].

Тарихи және тарихи-әдеби жағдай ұғымын ажырата білу керек. Тарихи-әдеби жағдайларға мыналар жатады:

- сол дәуірдің әдеби бағыттары;
- осы жұмыстың осы кезеңде басқа авторлар жазған шығармалар арасындағы орны;
- шығарманың жазылу тарихы;
- шығармаға әдеби басылымдағы шолулар;
- суретшінің замандастарының бұл туындысының құбылмалылығы;
- қазіргі оқырманның жұмысын қабылдау және бағалау.

Осыдан кейін шығарманың идеялық-көркемдік тұтастығы, оның мазмұны мен формасы (автордың айтқысы келетін және жеткізгісі келетін дәрежесі) мәселелерін қарастыру қажет (Ақшолақов, 1994б) [10].

М.Әуезовтің алғашқы прозалық шығармаларын талдауда ең алдымен тарихи жағдайларды талдауға назар аудару қажет. Жазушының 1920 жылдардағы ғылыми-теориялық білім тұрғысынан әңгімелері ауылдың өмірі мен адамдардың өмірі туралы баяндалды. 1930 жылғы жаңа қоғамды бейнелейтін әңгімелер, ұжым сол уақыттың тарихи және әдеби панорамасы аясында екі үлкен топқа бөлінді. Сонымен бірге ұлттық әдебиеттің жаңа еуропалық деңгейіне жету нәтижесінде қазақ әдебиетінде жаңа әдеби бағыттар пайда болды. М.Әуезовтің тағылымын оқыту әр заманда да күрделі мәселе болып келеді. «Ұстаздар қауымы Әуезов тағылымын оқу мен тәрбие беруде тиімді пайдалану, қажетке айналдырудың көзін тауып, қонымды жолын ізденуі керек. М.Әуезов шығармашылығын оқытудың тиімді жолдарын іздену бүгінгі оқыту үрдісінің талап деңгейінен туындайды», – дейді Қ.Бітібаева [11]. Әдіскер ұстаз М.Әуезов шығармашылығын оқытуда даралап оқыту, саралап оқыту, проблемалық оқыту, образды оқытудың тиімді жолдарын ұсынады.

«Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткен», «Оқыған азамат», «Қаралы сұлу» сияқты алғашқы романдары сол замандағы қоғамдағы рухани құндылықтардың өзгеруін сипаттайтын бағытта жазылған. Жазушы қаламынан алынған оқиғаларды ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдағанда, оларда көтерілген негізгі мәселелер мәні бойынша сол кездегі қоғамның айқын көрінісі екендігі байқалады. Сондықтан да «М.Әуезов әңгімелері – студенттерді байқағыштыққа, зерделілікке, қырағылыққа баулитын және адам мен табиғат арасындағы байланысты, оның заңдылықтарын тереңірек білуге үйрететін, адамгершілікке, сезімталдыққа тәрбиелейтін

танымдық мәні зор шығармалар», – дейді әдіскер ғалым С.Тілешева (Тілешева,1997)[11]. Осы орайда біз ХХ ғасырдың басында жазылған М.Әуезовтің әңгімелеріне тарихи-әдеби талдау жасауды зерттегенде, біз сол уақыттағы қоғамдық өзгерістер мен тарихи оқиғаларды қарастырамыз.

«Ғұлама қаламгердің арнайы зерттеу еңбектерін атамағанның өзінде, үлкенді-кішілі мақалаларында, республикалық, одақтық әдеби жиын-мәжілістерде сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамаларында қазақ әдебиетінің тарихы мен өз кезеңіндегі әдеби процестің көкейтесті мәселелерін, сонымен қатар көп ұлтты кеңес әдебиетінің де маңызды жайларын (әдебиеттер байланысы, көркем аударма, драматургия проблемалары, ұлттар әдебиеті тарихындағы көрнекті қаламгерлер өмірі мен шығармашылық өнегесі т.б.) үнемі көтеріп, сөз етіп отырғаны мәлім», – дейді әдіскер ғалым С.Мақпыров. Сондықтан да жоғары оқу орындарында Әуезовті оқыту әдістемесі терең әрі ғылыми бағытта жүзеге асырылатындығы заманның талабына сай тиімді жүргізіліп келеді. Ғұлама ғалым, сөз зергерінің әдебиеттану саласындағы іргелі зерттеулері мен мақалаларына да аса зер салып, талдау сағаттарын зерттеу жұмысына айналдыру тиімді болмақ. Әуезов мұрасын әдеби талдау барысымен қатар, ғылыми талдау жұмыстары арқылы ғұлама ғалымның әдебиеттану саласындағы іргелі зерттеулеріне шолу жасау да – қазіргі оқыту жүйесіндегі келелі мәселелердің бірі.

Жоғары мектепте Әуезовті оқыту мәселесі қазіргі таңда жаңаша қарастырылуда. Заман озған сайын өткен тарихымызды зерделей келе, жаңаша көзқараспен оқытуды қолға алдық. Қазіргі жас ұрпақ мектеп табалдырығынан бастап, М.Әуезов мұрасымен сусындап, кейін келе жоғары оқу орындарында рухани азығын толықтыра түседі. Жоғары оқу орындарында Әуезовті тану әлемі тереңірек әрі ғылыми арнаға бұрады. Студенттерді эстетикалық ләззатқа, адамгершілікке, рухани тазалыққа жетелеуде дәріс сабақтарының, практикалық сабақтардың маңызы зор. Ең бастысы, рухани құндылықтарымызды дәріптеуші оқырман тәрбиелеуді мақсат етеміз.

М.Әуезовтің көлемді де көркемдік-идеялық жағынан ауқымды «Қараш-Қараш оқиғасы» мен «Қорғансыздың күні» әңгімесін санаулы сағаттарда оқытудың күрделі әрі жауапты екендігі белгілі. Аудиторияда оқылған дәрістер мен практикалық сағаттардың барысында әңгіменің көркемдік-идеялық ерекшелігіне талдау жасатып, көркемдік әлеміне бойлату маңызды. Олай болса, әңгіменің композициялық құрылысын, көркемдік идеясын, образдық кейіпкерлер бойынша талдау жасату, жазушының кейіпкер сомдаудағы шеберлігін қарастырғанда студенттердің өз беттерімен ізденісін ұйымдастырған тиімді болмақ. Мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, проблемалық жағдаят, сұрақ-жауап, диалог алаңы, зерттеушілік әңгіме т.б. әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға болады.

«Қараш-Қараш оқиғасында» практикалық жұмыстардың рөлі ерекше. Себебі, суреттеулер, портреттеу, мінездеу, баяндаулар, кейіпкерлердің психологиялық әр түрлі жан-дүниесінің сипатталуы өте жиі кездеседі, тілі де күрделі (сөйлеулердің ұзақ, құрмалас сөйлемдерге құрылуы, пейзажды беруде бейнелі, образды суреттеулердің молынан кезігуі диалогтер мағынасының астарлы ойларының тереңдігі, т.б.)».

Бақтығұл бейнесі арқылы заман шындығын ашқан жазушының табысы, шешімі туралы ой қозғау үшін студенттермен проблемалық сұрақтар, зерттеу сұрақтары арқылы диалог жүргізуді ұйымдастыруды көздейміз. Студенттерге проблемалық ситуация тастай отырып, көтерілген мәселенің төңірегінде ізденіс жасатуда әңгіме-дебат, пікірталас, пікір-сайыс жүргізудің тиімділігі зор. Бұл тапсырмалар студенттің өз бетімен ізденуіне, өзінің ой-пікірін дәлелді айтуға, мәселенің шешімін табуға жетелейді. Ол үшін төмендегі детальдан бастаған орынды. Кез келген мәтіннің оқырманын дайындау өз қолымызда десек, сол мәтіннің көркемдік-идеялық ерекшелігін талдау барысында, шағын жоспар құрғызып, төмендегі кестені ұсынған тиімді. Әр студенттің өз ойы, өз қиялы, өз болжам-пікірі бар десек, сол еркіндікпен өз тұжырымдарын жасап, мәтінмен жұмыс жасауға болады (1 кесте). Бұл, әрине, тәжірибелік кезеңде жүзеге асырылатын жұмыстар.

1-кесте. “Қараш-Қараш” оқиғасы бойынша мәтіннің көркемдік-идеялық ерекшелігін талдау

Бөлімдер	Тақырыбы	Басты оқиға	Кейіпкерлер
I	Іштегі кек		
II	Жортуыл		
III	Қашқын		
IV	Пана іздеу		
V	Адасқан өмір		
VI	Екі жүзділер		
VII	Қуғын		
VIII	Алынған кек		

Келесі кезеңдерде, «Бақтығұлдың мақсаты қандай?», «Жарасбайды өлтіргенімен Бақтығұл өз мақсатына жетті ме?» деген сауалдарды қоя отырып, әр студенттің ойын, пікірлерін тыңдау. М.Әуезов басты кейіпкер Бақтығұл арқылы шығарманың негізгі идеясын ашуға ой салдырады. Әңгімені бас кейіпкер тағдыры арқылы шебер қиоластырады. Жауыздық пен мейірімділік, екіжүзділік пен сатқындық сынды қасиеттердің тартысын, адамның ішкі жан-күйзелісін жазушы шебер суреттейді. Міне, осы мәселелерде, жазушының суреткерлік шеберлігі

мен шығарманың көркемдік-идеясын ашудағы шеберлігіне талдау жасатуда іздену қажет.

Тәжірибеде кеңінен тараған келесі талдаудың тағы бір тиімді түрі – проблемалық талдау (2 кесте). Ол туралы әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінде: «Проблемалық талдау танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді...».

2-кесте. Проблемалық талдау

Жай сұрақтар	Проблемалық сұрақтар
1. Бақтығұл қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы іс-әрекеті дұрыс па?	1. Қалай ойлайсыңдар? Бақтығұл кім? Ол Сәлмен мен Жарасбайдың «құрбаны» ма, әлде кек алушы күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма?
2. Бақтығұл Жарасбайды неге өлтірді?	2. Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма?
3. Ұрлыққа, барымтаға бару себебін түсіндіріңдер. Оны мұндай әрекетке кім жұмсайды?	3. Жаратылысында ары таза Бақтығұл соншама азғындап, ұрлық жолына неге түседі? Кінәлі кім?

Көркем мәтінді талдау барысында студенттер – әдеби мәтінді талдаудың жалпы әдістемелік нұсқаулықтарын білгені шарт. Бұл болашақ кәсіби әдебиетші маманның қалыптасуына да әсер етеді. Студенттерге ұсынылып отырған проблемалық сұрақтар – проблемалық жағдаяттар тастайтындай болуы шарт әрі олардың өз ізденістері арқылы шешімін табуға жетелеуі дұрыс.

Жазушы әңгімелерінде табиғат пен адам арасындағы тұтастық, кейіпкерлерінің тағдыры шынайы суреттеледі. Әр туындысын оқыған сайын ұлы суреткердің талант қыры ашылып, оқырманын тәнті етті. «М.Әуезовтің шығармашылығында пейзаж күрделі қызмет

атқарады. Оның қандай әңгіме, повесінде де табиғат реңі тиісті бояу болып қосылып отырады. Бұл суреткер үшін кездейсоқ емес, реалистік әдебиет өнерінің ажырамас бір тәсілі екенін көреміз. Жазушының қазақ әдебиетіне табиғат суретін жан-жақты ендіргенін, бұл тарапта оның еңбегі үздік екенін дәлелдеу қиын емес», – дейді Р.Бердібай (Бердібай, 1997) [13].

Әңгімені талдау барысында көркем мәтінді оқыту, талдау жасатудың өз тиімділігі бар. Ол туралы: «Көркем мәтінді оқыту, оны талдауға баулу – әдебиет мұғалімінің ең негізгі қызметі, мақсаты. Оқу мен талдау – бір ананың егіз баласындай, жанды бір организмдей туыстас, әрі бірліктегі мәселе. Көркем мәтінді талдау оны

оқусыз жүзеге аспайды», – дейді әдіскер ұстаз Қ.Бітібаева (Бітібаева,1997) [14]. Талдау барысында оқушының қабылдауы, пікірі, түсінуі, сезінуі басты назарға ұсталынатынын атап көрсетеді.





Талдаудың бұл түрі көркем шығарманың идеясын тереңірек түсінуге жетелейді. Әңгіменің көркемдік шешімі, тарихи шындық пен көркем шындық мәселесін саралап талдау төмендегідей бағытта қарастырылады:

1. Жазушының Бақтығұл бейнесін сомдаудағы көздеген мақсаты, шешімі қандай, ашып көрсетіңіз.

2. Әңгімедегі реалистік сипат пен көркем шындықтың суреттеліну сабақтастығы қандай, дәлелденіз.

3. Әңгімедегі тарихи шындықтың бейнеленуі және қазіргі уақыттағы көзқарас қандай, дәлелденіз.

3-кесте. Шығарма талдаудың интеграциялық тәсілі

	<p>«Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі географиялық елді-мекендер сипаты</p>
	<p>«Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі тарихи сипат</p>
	<p>«Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі сезім күйі.</p>
	<p>«Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі кейіпкерлер галереясы</p>

Келесі кезекте жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін талдау барысына тоқталатын болсақ. Бұл әңгімедегі тақырыптық-идеялық ерекшеліктер, образдар галереясы, суреткерлік шеберлік сипаттары туындының классикалық белгісін танытады. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесін талдауда «интеграциялық әдісті» пайдалану ЖОО өнімді дей аламыз. Өйткені, білімгердің танымдық білігін арттыруда бұл әдістің берері мол екені анық. Білімгерлерді түрлі-түсті қағаздардың көмегімен 4 топқа (пәнге) бөліп, жоғарыдағы тапсырманы орындатауға болады. Бұл әдістің басты мақсаты: «интеграциялық принципке» негіздеуінде екенін айтып өттік. Осы әдісті орындау барысында тарих, музыка пәні мұғалімімен бірге орындатылса, оқушыға жазушы шығармашылығын түсіну жеңіл болады. Бұл әдісті топтық әдіс ретінде қолдануға болады. Ғалым Б.Ө.Жолымбетовтің: «Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу үшін «Әңгімеге негізделген жазу»

интербелсенді әдісі қолданылады. Мақсаты: әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу», – дейді (Сманов, 2018) [15]

4-тапсырма

«Дербес пікір» әдісін пайдалана отырып, «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі ерекшеліктерін талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

Әрекет	Ойды жеткізу
Өзіндік пікір	
Дәлел	
Өз пікірін айғақтайтын мысал	
Өз пікіріне қарсы дәлел	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал	
Қорытынды	

Келесі әдісте білімгерлердің субъективті пікірлеріне басымдық беріледі. Субъект пікір айналасындағы жұмыстар – ең маңызды процесс екені белгілі. Көркем шығарманы талдаудағы жоғарыдағы «субъект пікірдің» өзі шығармадағы белгілі бір соқпақтан гөрі, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық, философиялық мәселелерді көрсетіп, соған деген жазушы шешімін, ойын көрсету жағын байқатуды көздейді. Ал мұндай мәселелердің кілті – шығарманың өне бойындағы тартыс пен идеялар төңірегінде көрініс табады. Оқушы осы мәселелерді өз бетінше шешеді. Ойлауға, салыстыруға, үкім жасауға, алған білімдерін пайдалануға мүмкіндік жасайды. Мәселе қойып талдау, пікір қалыптастыра отырып талдау студенттердің білімді ой зердесімен қабылдауға, шығарма мәтінін терең бойлауға, өз ойларын жинақтауға септігін тигізеді. Студенттерге ұсынылған теориялық мәселелер мен проблемалық сұрақтар-тапсырмалар олардың іздену, зерттеу жұмыстарына және талдау барысында мақсатқа жету; көркем шығарма кейіпкерлеріне сипаттама бере отырып, шығарма оқиғасы мен кейіпкерлер арасындағы байланысты бүгінгі күн тұрғысынан талдап, өз ойларын жеткізе алу; көркем шығарма туралы жеке ойын білдіре алу, ұсынылған мәселенің шешімін табуға, дәлелдер келтіруге ықпал етеді. Талдау барысында әдеби-теориялық ұғымдармен жұмыс жасатудың да маңызы зор. Бұл олардың талдау барысындағы білім, білік деңгейлерінің ғылыми бағытта болуына, терең әрі ғылыми ізденіс жасауларына негіз болады.

5-тапсырма

«Төрт сөйлем» әдісі

1. Пікір
2. Дәлел
3. Мысал
4. Қорытынды

Жоғарыдағы әдіс-тәсілдер жинақылыққа, дәлдікке негізделген. Оларды қолдану арқылы сабақтың соңындағы кері байланысты жасауға болады. Ең бастысы, оқушының түсінуіндегі субъект пікірде талап етуінде деп ойлаймыз.

Әдебиет сабағында оқытушы шығарма мазмұнын баяндап қана қоймай, оқушылардың сабақты түсінгеніне, ақын мұрасын түсінгеніне көз жету үшін жасалатын әдістердің бір – «рефлексия». Бұл әдістің мақсаты: өтілген тақырыпты қорытындылау мақсатында жасалады. Яғни, оқушы сабақты түсінді ме? Ой қорыта алды ма? Осы сұрақтар бойынша жасалады. Рефлексия –

кері байланыс ұғымы тек сабақтың соңында ғана емес, сабақтың алғашқы кіріспесінен басталуы қажет. Өйткені, бұл процестің оқушыларға берер мүмкіндіктері аз емес. «Қорғансыздың күні» мен «Қараш-Қараш» туындысын қорытуда осы әдіс тиімді болып келеді.

Жоғарыда сөз етілген қаламгердің әңгімелерін талдау барысында студенттерді танымдық іс-әрекеттерге жетелеуге болады. Бұл мақсатта көркем талдау барысында проблемалық оқытудың тиімділігі зор екендігіне көз жетті. Қосымша материалдармен, ғылыми еңбектермен жұмыс – бұл тәсілдің тиімді жолы. Студенттерге проблемалық жағдаяттар, проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар берілді, тақырыпқа сай ғылыми еңбектерді сұрыптап беріп, олардың ғылыми дәлелдермен ізденуіне, көтерген мәселенің шешімін табуға түрткі жасадық. Ең бастысы, мәселенің бүгінгі өмірмен ұштастырылуы маңызды саналды. Себебі қабылдап отырған, сезініп, түйсініп отырған оқырманның бүгінгі көзқарасын білуге жол ашу маңызды. Әңгіменің желісін талдау бірте-бірте күрделене түседі, көлемді мақалалармен, ғылыми еңбектермен жұмыс жасауға дағдыландыруға болады. Сонымен қатар студенттердің тілін ұстартуда, шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының түрі көп. Олардың ойлау қабілеттерін, қосымша ғылыми еңбектерге дағдыларын дамытуда да орайлы берілген жазба жұмысы нәтижелі болады. Әрі ауызша сөйлеу дағдыларының ендігі кезекте жазбаша дамытуына жол салады.

Әр заманның өз оқырмандары келетіні белгілі, ал сол оқырмандарды сөз өнерімен қауыштырып, көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу әр заманның мақсат, міндеті бола береді. Заман озған сайын М.Әуезовтің мұрасын жас ұрпаққа танытып, көркем туындыларын меңгерту ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, әлемдік әдебиеттегі аса ірі тұлға М.Әуезовтің туындыларын жас ұрпаққа жеткізу – бүгінгі таңда да аса қажет. Сондықтан да, ғұлама жазушының туындыларын жаңаша оқыту, жаңа әдіс-тәсілдерінен іздену – уақыттың айнасы. М.Әуезовтің көркем әңгімелерін зерделеу барысында шығарманың тақырыбын, идеясын, образдар жүйесін, тілдік өнерді, сюжетті, композицияны және ондағы жұмыс

жоспарынан кейін негізгі мазмұнында поэтиканы анықтап, ашып көрсету керек. Профессор Ш.Ыбыраев: «Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жетістігі. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, ғалым, сценаршы, аудармашы – бұл ұлы қаламгер дарынының толық емес тізімі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің қорына мәңгілік енді», – деп аса зор баға берген пікірінен жазушы әңгімелерінің өзектілік тамырының тереңде екендігін дәлелдейді (Ыбыраев, 1997) [16]. Сол себепті де дәстүрлі түрде әдеби шығармаларды талдау кезінде жүзеге асырылатын осы құрылымдық компоненттердің сақталуы әдеби шығарманың мақсатына, негізгі идеяны қабылдауына бұл туындылардың танымдық-тәрбиелік сипаты тікелей әсер етеді. Сондықтан, ұлы жазушының керемет әңгімесін оқып, тану

үшін біз осы компоненттердің барлығына назар аударуымыз керек. Жоғарыда М.Әуезовтің көркем баяндауымен жасалған көзқарастары, талдаулары мен тұжырымдары қазіргі кездегі әдістеме саласындағы «Мұхтаранудың» жаңа әдіснамасында айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім беру технологияларының жаңашылдығынан орын алған. М.Әуезов – ұлтымыздың мақтанышы, есімі ұлттықәдебиет пен мәдениет, тарихында мәңгілік жасай береді. Әлемдік әдебиетте ұлтымызды танытқан халқымыздың кемеңгер жазушысы, сөз зергері, қоғам қайраткері, ғалым, ұлт жанашыры Мұхтар Әуезовтің есімін мақтанышпен айта аламыз. Әлем жұртшылығы М.Әуезовтің «Абай жолы» арқылы ұлтымызды таныды, қаламгердің ұлылығын, шеберлігін мойындады. Ол туралы біршама зиялы, ойшылдарының пікірлері жазылды.

Жазушы мұрасы ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек. Ал оны жас ұрпаққа жеткізу – әр оқытушының міндеті.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі Қазақстан. Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 наурыз.
2. Абдуллина. Г. Интерактивті оқыту – таным белсенділігінің қазіргі бағыты. Ұлт тағылымы. – Алматы, 2009. – 165 б.
3. Педагогикалық ғылыми мұра. Дәстүрлі әдіс және жаңа технология / Ред. басқарған Ф.Ш. Оразбаева. – Алматы: АнаРыс, 2009. – 6 б.
4. Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту / Бітібаева Қ. – Алматы: Мектеп, 2002. – 4 б.
5. Докенова Н.Е. Көркем шығарманы талдау әдістемесі. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2010. – №3/4. – 34-36 б.
6. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері: моногр. / Б. Сманов. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, 2016. – 57-97 б.б.
7. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. – Алматы: Рауан, 1990. – 6б.
8. Гронник Г.Г., Бондаренко С.М., Концевая Л.А. Когда книга учит. – М.: Педагогика, 1991. – 256 с.
9. Байменов Б. Мұхтар Әуезовтың педагогикалық ой-пікірлері // Еуразия университетінің хабаршысы, 2000. – №2. – 167-176 б.
10. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. – Алматы: Рауан, 1994. – 14 б.
11. Тілешева С. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Рауан, 1997.
12. М.Әуезовтің педагогикалық, психологиялық көзқарасы және оның творчествосын орта мектепте оқытудың методикасы. [Методикалық жинақ]. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты, 1987. – 175 б.
13. Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997. – 77 б.
14. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 54-68 б.
15. Сманов Б.Ө., Жанысбекова Ш.Т. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ әдебиетін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану жолдары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (63), 2018. – Б. 155-160.
16. Мұхтар мұрасы. Наследие Мухтара: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер / Құраст.: Ш.Ыбыраев, С.Қирабаев. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.

References

- Aksholakov T. (1994) Shygarmanyn korkem ajshyktaryn tanytu. [Demonstration of artistic features of the work]. Almaty, Rauan publishing house, p.14 (In Kazakh)
- Pedagogikalyk gylymi mura. Dasturli adis zhane zhana tekhnologiya Red. Baskargan F.Sh.Orazbaeva () [Pedagogical scientific heritage. Traditional method and new technology] / Ed. It Was Directed By F. Sh.Orazbayeva. Almaty: Anarys publ., 2009. - 6 p. (In Kazakh)

- Abdullina. G. (2009) Interaktivti okytu – tanyam belsendiliginin қазирgi bagyty. Ult tagylymy. [Interactive learning - the current direction of cognitive activity]. Almaty, p.165 (In Kazakh)
- Bajmenov B. (2000) Muhtar Auezovtyn pedagogikalyk oj-pikirleri. [Pedagogical views of Mukhtar Auezov]. Euraziya universitetinin habarshysy[Bulletin of Eurasian university], No 2, 167-176 pp. (In Kazakh)
- Berdibai. R (1997) Tarihi roman. [Historical novel]. Almaty, Sanat publishing house, p. 77 (In Kazakh)
- Bitibaeva Q. (1997) Ádebietti oqytý ádistemesi. [Methods of teaching literature]. Almaty. Rauan publ., p.68 (In Kazakh)
- Bitibaeva Q. (1997) Ádebietti tereńdetip oqytý. [In-depth study of literature]. Almaty: Rauan publ., p.104 (In Kazakh)
- Bitibaeva K. (1997) M. Auezov tuyndylaryn mektepte okytu. [Teaching M. Auezov's works at school] /. Almaty, Rauan publishing house, p. 4 (In Kazakh)
- Dokenova N.E. (2010) Korkem shygarmany taldau adistemesi. [Methods of analysis of works of art] I. Zhansugirov atyndagy Zhetisu memleketik universitetinin habarshysy[Bulletin of Zhetisu State university named I. Zhansugirov], no 3\4 , pp.34-36 (In Kazakh)
- F.Sh. Orazbaeva (2009) . Pedagogikalyk gylymi mura. Dasturli adis zhane zhana tekhnologiya [Pedagogical scientific heritage. Traditional method and new technology] Almaty. Anarys publ., p.6 (In Kazakh)
- Gronnik G.G., Bondarenko S.M., Koncevaya L.A. (1991) Kogda kniga uchit. [When the book teaches]– Moscow. Pedagogika [Pedagogy], p. 256 (In Russian)
- M. Aezovtin pedagogikalyk, psihologiyalyk kozkarasy zhane onyn tvorchestvosyn orta mektepte okytudyn metodikasy (1987). [Pedagogical and psychological views of M. Auezov and methods of teaching his work in high school.]. Almaty. Y. Altynsarin atyndagy gylymi-zertteu instituty [Y. Altynsarin Research university], p.175 (In Kazakh)
- Muhtar murasy. Nasledie Muhtara: Gylymi makalalar men zertteuler [Scientific articles and research]
- Nazarbaev N.A. (2007) Zhana alemdegi Kazakstan. Kazakstan halkyna Zholdauy [Kazakhstan in the new world. Message to the people of Kazakhstan] . Newspaper Egemen Kazakhstan (In Kazakh)
- Sh.Ybyraev, S.Korabaev (1997). Muhtar murasy. Nasledie Muhtara: Gylymi makalalar men zertteuler [Heritage of Mukhtar. Scientific articles and research] Almaty, Kazakstan, p.352 (In Kazakh)
- Smanov B (1990). Keyipker beynesin taldau. [Character image analysis]. Almaty, Rauan publishing house, p.6 (In Kazakh)
- Smanov B (2016). Korkem shygarmany taldau negizderi: monogr. [Fundamentals of the analysis of a work of Art: monogr]. Almaty: Abai Kazakh National Pedagogical University, Ulagat publishing house. 57-97 pp. (In Kazakh)
- Smanov B.O., Zhanyzbekova Sh.T. (2018) Zhanartylgan bilim beru bagdarlamasy bojnynsha kazak adebiitin okytuda interbelsendi adisterdi koldanu zholdary [The use of interactive methods in the study of Kazakh literature under the updated educational program] Abaj atyndagy Kazak ultyk pedagogikalyk universiteti Habarshysy «Filologiya gylymdary» seriyasy [Abay Kazakh National Pedagogical university], no 1 vol.63 ,155-160 pp. (In Kazakh)